

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, 150000, Петропавл қ., К. Сүтішев көшесі, 56, анықтама телефоны, факс 8(7152) 46-45-07, 50-00-51, электронды мекенжайы *icherepanova@taxsko.mgd.kz*, Экономикалық төргеу қызметінің жедел-тергеу бөлімшелерінің бос орындарына конкурс жариялады.

1. Қаржы саласындағы құқық бұзушылықтарды төргеу басқармасы қылмыстарды төргеу бөлімінің бас маман - аға төргеушісі, С-GDO-5 санаты, 1 бірлік.

Қызметтік міндеттері: Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 60, 61, 63 баптарымен қарастырылған төргеушінің міндеттерін атқарады. Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді, қылмыстық істер мен келіп түскен шағымдар бойынша процестік мерзімдерді, сол сияқты азаматтар мен занды тұлғалардың жүгінулерін қарау мерзімдерін қадағалауды іске асырады. Қылмыстармен келтірілген залалды өтеуді қамтамасыз ету шараларын қабылдауды, азаматтардың бұзылған құқықтарын, занды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтіруге бақылау жасайды.

Білімі мен мамандығы деңгейіне қойылатын талап: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына келетін жоғары кәсіби білімі.

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: Құқық қорғау, арнаулы органдарында немесе әскери қызметінде кемінде екі жыл қызмет өтілінің, немесе мемлекеттік органдарда кемінде төрт жыл жұмыс өтілінің, немесе осы санаттағы накты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы.

Денсаулық жағдайына қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2010 жылғы 31 наурыздағы «Ішкі істер органы қызметі үшін тұлғалардың денсаулық жағдайына сәйкес келетін талаптарды бекіту жөнінде» № 132 бүйрекімен анықталған құқық қорғау органында қызметті өтеуге жарамды санатына сәйкес.

2. Қаржы саласындағы құқық бұзушылықтарды төргеу басқармасы криминалистикалық бөлімінің жетекші маман-тергеушісі, С-GDO-6 санаты, 1 бірлік.

Қызметтік міндеттері: сотқа дейінгі тергеп-тексеру және жедел есепке алу істерінің материалдары бойынша уақытылы, толық, жан-жақты және объективті зерттеу жүргізу бойынша міндеттерді атқарады; маман ретінде төргеу әрекеттері мен жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізеге қатысады; Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 80-бабының негізінде криминалистік және арнайы зерттеу түрлерін жүзеге асырады; бөлімнің қызметі бойынша аналитикалық, ақпараттық, анықтамалық және өзге де материалдарды әзірлеуді жүзеге асырады.

Білімі мен мамандығы деңгейіне қойылатын талап: білімі кәсіби жоғары, «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика) бейіні бойынша.

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы.

Денсаулық жағдайына қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2010 жылғы 31 наурыздағы «Ішкі істер органы қызметі үшін тұлғалардың денсаулық жағдайына сәйкес келетін талаптарды бекіту жөнінде» № 132 бұйрығымен анықталған құқық қорғау органында қызметті өтеуге жарамды санатына сәйкес.

Конкурсқа катысушылар медициналық және психофизиологиялық қуәландырудан міндетті түрде өтуі тиіс, оның ішінде әскери-дәрігерлік комиссиясының полиграфиялық зерттеуі, дene шынықтыру дайындығы бойынша нормативті тапсыру, әңгімелесу.

Департаменттердің Экономикалық тергеу қызметі аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің **лауазымдық жалақысы** Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан Республикасы Ұлттық банк мемлекеттік бюджет және сметасы (бюджет) есебінен ұсталған Қазақстан Республикасы органының қызметкерлерінің еңбек ақысының бірынғай жүйесі туралы» №1284 жарғысына сәйкес белгіленеді.

Санаты	Еңбек өтіліне қарай	
	min	max
C-GDO-5	87069	117862
C-GDO-6	81937	110783

Конкурсты жүргізу ережесі және құжаттар үлгісі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 498 бұйрығымен бекітілді.

Қажетті құжаттардың тізімі:

- Нысан бойынша өтініш (персоналмен жұмыс бөлімінде);
- Кадрлар есебі бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрған орнының мекенжайы мен байланыс телефондарының көрсетілуімен) нысан бойынша (персоналмен жұмыс бөлімінде);
- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- Білімі туралы құжаттардың (диплом мен қосымшаның) көшірмесін;
- Әскери қызмет өткөрген немесе Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери оқытылған резервті даярлау жөніндегі әскери даярлықтан өткені, сондай-ақ "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мерзімді әскери қызметке әскерге

шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырылғаны туралы құжаттарының көшірмесін;

6. Өлшемі 3*4 фотосуретін (4 дана);

7. Нысан бойынша (персоналмен жұмыс бөлімінде) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы жұбайларын көрсете отырып, өз қолымен жазылған және А4 форматында басылып шығарылған өмірбаянын;

8. Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

9. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының соттылығы, бір жылдың ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібінде әкімшілік жауапкершілікке, сыйбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылмағандығы туралы анықтама;

10. Үміткердің және оның жұбайының (зайыбының) "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына табыстары мен мұлкі туралы декларациялар тапсырғанын растайтын құжаттар;

11. Құжаттар тапсыру сәтінде жарамды мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті органнан заңнамаларға біліктілігін тестілеуден шекті деңгейден төмен емес нәтижеде өткендігі туралы сертификат;

12. Құжаттар тапсыру сәтінде жарамды мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті органнан жеке құзыреттерін бағалаудан өткендігі туралы қорытынды.

Құжаттардың көшірмелерін қабылдау кезінде салыстыру үшін олардың тұпнұсқалары қарастырылады немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері қабылданады.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурстық комиссиямен оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, және кәсіби шеберлігіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі – конкурс жүргізу туралы хабарламаның жарияланған күнінен бастап 10 жұмыс күні.

Құжаттар К.Сүтішев к., 56 мекенжайындағы, тел. 8(7152) 46-45-07, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Адам ресурстары басқармасында құжат тігілетін мұқабада қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы қабылданады.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Конкурстың кезеңдері туралы ақпарат жалпылық шолуға ыңғайлы орында СКО бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің ақпарат стендтарында, сонымен қатар оның www.sko.kgd.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылатын болады.